




**ТРУДЫ ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОГО СОСТАВА  
ЕВРАЗИЙСКОГО ГУМАНИТАРНОГО ИНСТИТУТА,  
ИЗДАНИЕ В 2019 ГОДУ**

	<p>Сәрсекеев Б.С. Қазақстан тарихын оқыту. Оқу құралы. – Астана: ЕАГИ, 2019. – 45 б.</p> <p>Бұл кітапта Қазақстан тарихын оқытудың міндеттері, мазмұны және әдістері ашылып көрсетіледі. Отан тарихын оқыту әдістерінде тарих пәні мұғалімнің қалыптасуына; сабақта оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін тарихи мазмұнды таңдап алуға; оқыту мазмұнын қолданыстағы әдістермен салыстыруға; оқытудың ең тиімді деген әдістерін, түрлерін және құралдарын қолдануға көмектеседі.</p>
	<p>Ильясова А.У., Аренова Г.У., Алипбекова Л.У. 5В011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша курстық жұмысты орындаудың әдістемелік нұсқаулары. – Астана: ИП «Ахтаев У.Е.», 2019. – 37 б.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулықтар шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша зерттеу жұмыстарының ерекшеліктерін көрсетеді. Әдістемелік нұсқаулықтың құрылымы шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша зерттеудің теориялық және практикалық бөлімдерін ұйымдастыру, құрылымдау және жобалауға қойылатын талаптарды қамтиды. Курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар ЕАГИ-дің шетел тілдері кафедрасында әзірленді және студенттерге жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша курстық жұмысты дайындауда, жазуда және қорғауда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесуге бағытталған.</p>
	<p>Байтанасова Қ. Қаламгер шығармашылығы және фольклорлық дәстүр. Монография. - Нұр-Сұлтан: "Мастер По" ЖШС, 2019. - 112 б.</p> <p>Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сәбит Мұқанов әдебиетке келген алғашқы қадамынан халық мұрасына ерекше көңіл бөлген. Халық әдебиетінің, жеке ақындардың шығармашылығын жинап, зерттеп, жариялады. Фольклордың жай-күйін, дамуын қадағалап, келелі ой-пікірлер білдірді. Қаламгер өз туындыларында да халық қазынасын шығармашылықпен қолданып отырды.</p> <p>Монографияда С. Мұқановтың шығармаларында фольклорлық сюжеттер мен жанрлардың, мифологиялық кейіпкерлердің берілу ерекшелігі, дәстүрлі бейнелеу құралдарын, көркемдік өрнектерді қолдану шеберлігі талданып, Ж. Жабаев, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Б. Майлин, І. Жансүгіров, И. Байзақов, Ә. Тәжібаев, Қ. Аманжолов</p>

	<p>поэзиясымен салыстырылады. Еңбек жоғары оқу орындарының студенттеріне, әдебиетке ынталы көпшілікке арналады.</p>
	<p>Касен М. Open Data Politics A Case Study on Estonia and Kazakhstan / Открытая политическая информация. На материале Эстонии и Казахстана. - Швейцария, 2019. - 110 с.</p> <p>This work is subject to copyright. All rights are reserved by the Publisher, whether the whole or part of the material is concerned, specifically the rights of translation, reprinting, reuse of illustrations, recitation, broadcasting, reproduction on microfilms or in any other physical way, and transmission or information storage and retrieval, electronic adaptation, computer software, or by similar or dissimilar methodology now known or hereafter developed.</p> <p>The use of general descriptive names, registered names, trademarks, service marks, etc. in this publication does not imply, even in the absence of a specific statement, that such names are exempt from the relevant protective laws and regulations and therefore free for general use.</p> <p>The publisher, the authors and the editors are safe to assume that the advice and information in this book are believed to be true and accurate at the date of publication. Neither the publisher nor the authors or the editors give a warranty, express or implied, with respect to the material contained herein or for any errors or omissions that may have been made. The publisher remains neutral with regard to jurisdictional claims in published maps and institutional affiliations.</p>
	<p>Турманова Ж.Е. Критериалды бағалау және оқушы білімін қадағалау. Оқу құралы. - Нұр-Сұлтан: Мастер По ЖШС, 2019. - 52 б.</p> <p>«Критериалды бағалау және оқушы білімін қадағалау» оқу құралында педагогикалық және психологиялық кеңестер ұсынылады. Әсіресе, ата-аналарға критериалды бағалау жүйесі бойынша білімдер және критериалды бағалаудың артықшылықтарын түсіндіре отырып, балалардың оқу жетістіктерін бақылау мен қадағалаудың жолдары түсіндіріледі. Сондай-ақ балаларда кездесетін психологиялық қиыншылықтар мен кедергілерді жою және алдын алуды ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық кеңестер беріледі.</p> <p>Оқу құралы ата-аналарға, мектепке дейінгі балалар тәрбиеші-әдіскерлерге, бастауыш сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, педагог-психологтарға, педагогикалық бағыттағы мамандар мен студенттерге арналады.</p>



Нұрпейісов Е.К. Мемлекет және құқық теориясының проблемалары. Оқу құралы. - Нұр-Сұлтан, 2019. - 220 б.

Оқу құралы заң факультеттері мен жоғары оқу орындарының бітіруші курстарында оқытылатын осы аттас арнайы курстың үлгілік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Онда мемлекет пен құқықтың қалыптасуы мен дамуының қоғамдық дамудың қазіргі жай-күйі мен болжанатын келешегінің көзқарасы тұрғысынан құқық ғылымында түрліше түсіндіріліп келген кейбір теориялық мәселелері қысқа түрде берілген. Қазақстан мемлекеттілігінің трансформациялану бастауынан бастап-таяу болашақтағы ықтимал нұсқаларына дейін түсіндіруге айрықша көңіл бөлінген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына және оқытушыларына арналған.



Ибраймова Л., Шормакова А. Тіл білімінің өзекті мәселелері [мәтін]: Оқу құралы / Л. Ибраймова, А. Шормакова. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 232 б.

Оқу құралында тіл білімінің өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылған. Тіл білімінде зерттелінген және оның жалғасуы тиіс тұстары мен зерттелуі қажет жаңа салалары талданған.


Оқу құралы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің тілші мамандарына, магистранттары мен студенттеріне арналған.



Мамаділ Қ.А., Аманбаев А.Ж., Байльденов Б.Т. Студенттің жолсілтегіш-анықтамалығы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 37 б.

Жолсілтегіш-анықтамалық Еуразия гуманитарлық институтында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру туралы жалпы ережелерден және студентке пайдалы басқа да анықтамалық-ақпараттық мәліметтерден тұрады.


Кредиттік технология бойынша білім алатын студенттерге арналған. Бұл құрал эдвайзерлер мен тьюторларға да пайдалы.



Мамаділ Қ.А., Аманбаев А.Ж., Байльденов Б.Т. Справочник-путеводитель для студентов. – Нур-Султан, 2019. – 38 с.


Справочник-путеводитель содержит общие положения об организации обучения по кредитной технологии в Евразийском гуманитарном институте и другие полезные для студентов справочно-информационные сведения.

Предназначен для студентов, обучающихся по кредитной технологии. Пособие также может быть полезным эдвайзерам и тьюторам.



Ильясова А.У., Аренова Г.У., Никифорова М.С. Сборник заданий для самостоятельной работы по дисциплине «Основы теории языка» для студентов образовательной программы 5B020700 «Переводческое дело». – Астана: ИП «Ахтаев У.Е.», 2019. – 68 с.


Учебное пособие представляет собой сборник заданий по предмету «Лексикология» дисциплины «Основы теории языка» для самостоятельного выполнения студентами образовательной программы «Переводческое дело». Задания для самостоятельной работы по лексикологии направлены на понимание языкового строя, лексического состава, динамики и закономерностей развития словаря иностранного языка.



Давлетова С.Е., Байтурина У.К. Тілдік мамандықтар студенттеріне арналған «Жалпы аударма теориясы» пәні бойынша әдістемелік нұсқаулар: оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ, 2019. – 206 б.

Бұл әдістемелік құрал Силлабусты, яғни «Жалпы аударма теориясы» пәні бойынша оқыту бағдарламасы мен практикалық зерттемелер – оқытудың кредиттік технологиясы бойынша СӨЖ, СМӨЖ практикалық тапсырмаларын орындауға арналған ұсыныстарды қамтиды.

Оқу-әдістемелік құрал студенттермен де, ағылшын тілі оқытушыларымен де қолданыла алады.



Л.Н. Дәуренбекова

**ҚАЛАМГЕР  
ЖӘНЕ  
АУДАРМА  
ПОЭТИКАСЫ**

Дәуренбекова Л.Н. Қаламгер және аударма поэтикасы. Монография / Л. Дәуренбекова. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 130 б. ISBN 978-601-326-354-0

Монографияда қырғыз халқының көрнекті жазушысы Ш. Айтматовтың жазушылық шеберлігі қарастырылып, қазақ тіліне аударылған шығармалары түпнұсқамен салыстырылып, аударма ерекшеліктері жан-жақты сарапталған.

Қаламгердің шығармадағы мазмұнның, семантикалық-стистикалық, композициялық құрылым жасау тәсілдерінің аудармадағы көрінісі сипатталады.

Монография филология факультетінің студенттері мен магистранттарына арналған.